КӨШІРМЕ
КОПИЯ

**Бекітілген:**
**2015 жылғы «15» мамыр**
**Акционерлердің жылдық**
**жалпы жиналысында**

# «ЦЕСНАБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ТОЛЫҚТЫРУЛАР МЕН ӨЗГЕРТУЛЕР

**Астана қ., 2015 ж**

«Цеснабанк» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) 2014 жылғы 24 сәуірдегі Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында бекітілген Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) төмендегідей толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

1. Жарғының 35-тармағының 2) тармақшасындағы «банкроттық» сөзі «оңалту және банкроттық» сөзіне ауыстырылсын.

2. Жарғының 41-тармағы келесі мазмұндағы 11)-тармақшамен толықтырылсын:

«11) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында қарастырылған тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысының Банк акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға.»;

3. Жарғының 47-тармағы келесі мазмұндағы 20-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«20-1) Банктің Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;».

4. Жарғының 48-тармағында:

- бірінші абзацтағы «1) – 4)» цифрлары мен таңбалары «2) - 4)» цифрлары мен таңбаларына ауыстырылсын;

- екінші абзацтағы «Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Банктің Жарғысында» сөздері «Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында» сөздерімен ауыстырылсын;

- келесі мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Акционерлердің жалпы жиналысы орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде Жарғының 47-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандары шегеріле отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.».

5. Жарғының 68-тармағында:

- келесі мазмұндағы 8-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«8-1) Банк Басқармасы туралы ережені бекіту;»;

- 23) тармақша келесі редакцияда баяндалсын:

«23) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде, Банк Жарғысында, Банктің Директорлар кеңесі туралы ережесінде қарастырылған, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер;».

6. Жарғының 85-тармағының 10)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«10) басқа функцияларды, соның ішінде Банк Басқармасы туралы ережеде қарастырылған, Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға қарама-қайшы келмейтін, Банктің басқа да жоғары тұрған органдарының құзіретіне жатқызылмаған функцияларды жүзеге асырады.».

7. Жарғының 100-тармағында «ақталмайтын негіздер бойынша» сөздері «Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде» сөздері, цифрлары мен таңбаларына ауыстырылсын.

8. Жарғының 108-тармағының 6)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«6) қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Банктің рұқсаттар алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға қоғамның бұрын алған рұқсаттары қолданысының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;».

9. Жарғының 109-тармағында:

- бірінші абзац «аудиторлық есептерін» сөздерінен кейін

«, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушылық орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты» сөздерімен толықтырылсын;

- келесі мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Банк қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалатын тәртіппен корпоративтік веб-сайтта ірі акционерлер туралы ақпаратты, сондай-ақ Банктің басқару органының басқа заңды тұлғада басшы лауазымды немесе өзге де негізгі қызметті қоса атқаратын мүшелерінің басқа заңды тұлғадағы өкілеттіктері мен міндеттері туралы ақпаратты көрсете отырып, олар туралы мәліметтерді орналастырады.».

10. Жарғының 113-тармағының 4)-тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«4) Банктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір әрекеттер (операциялар) жасауына рұқсаттар;».

11. Жарғының 111-тармағының бірінші абзацындағы «заңнамалық актілерінде» сөздері «заңдарында» сөзіне, «бес» сөзі «үш» сөзіне ауыстырылсын.

**Басқарма Төрағасы** **Жақсыбек Дәурен Әділбекұлы**

**Утверждены:**
**Годовым Общим собранием**
**акционеров «15» мая 2015 года**

# ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ЦЕСНАБАНК»

**г. Астана, 2015 г.**

Внести в Устав АО «Цеснабанк» (далее – Банк), утвержденный годовым Общим собранием акционеров Банка от 24.04.2014г. (далее – Устав), следующие изменения и дополнения:

1. в подпункте 2) пункта 35 Устава слово «банкротстве» заменить словами «реабилитации и банкротстве».

2. пункт 41 Устава дополнить подпунктом 11) следующего содержания:

«11) участвовать в принятии общим собранием акционеров решения об изменении количества акций Банка или изменении их вида в порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах».»;

3. пункт 47 Устава дополнить подпунктом 20-1) следующего содержания:

«20-1) утверждение Положения о Совете директоров Банка;».

4. В пункте 48 Устава:

- в абзаце первом цифры и знаки «1) – 4)» заменить цифрами и знаками «2) - 4)»;

- в абзаце втором слова «законодательством Республики Казахстан и (или) Уставом Банка» заменить словами «Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах»;

- дополнить абзацем третьим следующего содержания:

«При принятии решения общего собрания акционеров по вопросу, указанному в подпункте 7) пункта 47 Устава, в части обмена размещенных акций одного вида на акции другого вида решение, которое может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями, считается принятым только при условии, что за такое решение проголосовали не менее чем две трети от общего количества размещенных (за вычетом выкупленных) привилегированных акций.».

5. в пункте 68 Устава:

- дополнить подпунктом 8-1) следующего содержания:

«8-1) утверждение Положения о Правлении Банка;»;

- подпункт 23) изложить в следующей редакции:

«23) иные вопросы, предусмотренные Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», Законом Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», другими законодательными актами Республики Казахстан, Уставом Банка, Положением о Совете директоров Банка, не относящиеся к исключительной компетенции Общего собрания акционеров;».

6. подпункт 10) пункта 85 Устава изложить в следующей редакции:

«10) осуществляет иные функции, в том числе предусмотренные Положением о Правлении Банка, не противоречащие законодательству Республики Казахстан, настоящему Уставу, и не отнесенные к компетенции других вышестоящих органов Банка.».

7. в пункте 100 Устава слова «по нереабилитирующим основаниям» заменить словами, цифрами и знаками «на основании пунктов 3), 4), 9), 10) и 12) части первой статьи 35 или статьи 36 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан».

8. подпункт 6) пункта 108 Устава изложить в следующей редакции:

«6) получение Банком разрешений на осуществление каких-либо видов деятельности, приостановление или прекращение действия ранее полученных Банком разрешений на осуществление каких-либо видов деятельности;».

9. В пункте 109 Устава:

- абзац первый после слов «аудиторских отчетов» дополнить словами:

«, а также информации о суммарном размере вознаграждения членов исполнительного органа по итогам года»;

- дополнить абзацем третьим следующего содержания:

«Банк размещает на корпоративном веб-сайте информацию о крупных акционерах, а также сведения о членах органа управления Банка, совмещающих руководящую

должность или иную основную деятельность в другом юридическом лице, с указанием информации об их полномочиях и обязанностях в другом юридическом лице в порядке, определяемом внутренними документами фондовой биржи.».

10. подпункт 4) пункта 113 Устава изложить в следующей редакции:

«4) разрешения на занятие Банком определенными видами деятельности и (или) совершение определенных действий (операций);».

11. в абзаце первом пункта 111 Устава слова «законодательными актами» заменить словом «законами», слово «пяти» заменить словом «трех».

**Председатель Правления** **Жақсыбек Дәурен Әділбекұлы**

Екінші ... Қа...
См. на обороте

18 МАЙ 2015

ж/т Мен, Пащенко М.Г., Астана қ. нотариусы, ҚР ӘМ 25.04.1998 ж. берілген № 0000007 мемлекеттік лицензия негізінде құжаттың нағыз көшірмесі екенін куәландырамын. Соңғысында өшірілген, сызылған, кейбір жерлерінде жөндеулер және басқа да келісілмеген түзетулер, немесе қандайда бір ерекшеліктер болған жоқ.

Я, Пащенко М.Г. нотариус г. Астана, действующая на основании гос.лицензии № 0000007 выданной МЮ РК 25.04.1998 г. свидетельствую верность этой копии с подлинником документа. В последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных исправлений или каких-либо особенностей не оказалось.

Тізілімде тіркелді/Зарег-но в реестре 1211

Төленді/Оплачено ___ Нотариус ___

Нөмірленді ... және тігілді / Пронумеровано и прошнуровано 06 ... Нотариус